



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2023 жылғы 1 желтоқсандағы
№ ДС-464 хатқа

Құрметті депутаттар!

Сіздердің жоғары оқу орындарындағы әйелдерді харасменттен қорғау мәселелеріне қатысты депутаттық сауалдарыңыз бойынша келесіні мәлімдеймін.

Харасментке қатысты анонимді сауалнама өткізуге және профессорлық-оқытушылық құрам мен барлық студент қыздарға харасментке қатысты заңнамалық-құқықтық түсіндірме жұмыстарын жүргізуге қатысты

Азаматтардың, оның ішінде әйелдердің құқықтарын қорғау «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы», «Құқық бұзушылықтың профилактикасы туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» заңдармен реттеледі.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы Халықаралық еңбек ұйымының халықаралық еңбек стандарттары саласындағы 24 конвенциясын ратификациялады.

Адам құқықтары және заңның үстемдігі саласындағы одан арғы шаралар жоспарының¹ шеңберінде 2023 жылғы 27 маусымдағы Адам құқықтары жөніндегі халықаралық гуманитарлық және халықаралық шарттар жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 23-ші отырысында «Еңбек саласындағы зорлық-зомбылық пен қысымшылықты жою туралы» Халықаралық еңбек ұйымының №190 конвенциясына қосылу туралы ұсыныс қаралды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жұмыс орнында нәпсілік қол сұғу жағдайларының жолын кесу және зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында бірқатар заңнамалық актілерге (*Қылмыстық кодекске, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекске*) түзетулер жобасын әзірледі, аталған түзетулер мүдделі мемлекеттік органдармен келісілуде.

¹ ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 258 қаулысымен бекітілген

Сонымен қатар, Парламент Мәжілісі депутаттарының бастамасымен әзірленген әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық, оның ішінде сексуалдық сипаттағы, жұмыс орнындағы қорлау және т.б. үшін жазаны қатаңдату ұсынылған *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»* Заң жобасы Үкіметтің қарауында.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы шеңберінде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғаудың профилактикасын күшейту шаралары қарастырылған.

Қазіргі таңда Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі саясатты қайта қарау, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды заңнамалық күшейту, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың ведомствоаралық өзара іс-қимылын күшейтуге бағытталған отбасылық құндылықтарды ілгерілету жөніндегі жол картасы іске асырылуда.

Зорлық-зомбылықтан қорғау профилактикасының мәселелері білім беру ұйымдарының құқықтық, рухани-адамгершілік тәрбиені, гендерлік теңдікті қамтитын оқу-тәрбие міндеттер кешенінде қамтылған.

Жоғары оқу орындарында профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер арасында тиісті профилактикалық жұмыстарды жүргізетін әдеп жөніндегі комиссиялар ұйымдастырылған.

«Харассмент» фактілерінің алдын алу және оны болдырмау шеңберінде білім беру ұйымдарында, оның ішінде жоғары оқу орындарында психологиялық қызметтердің жұмысын күшейту, оларды білікті мамандармен қамтамасыз ету, сондай-ақ тұрақты негізде семинарлар, пікірталас алаңдарын, консультацияларды ұйымдастыру жөніндегі шаралар іске асырылуда.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын² іске асыру үшін Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтердің қызметін ұйымдастыру жөнінде әдістемелік ұсынымдар³ әзірленді.

Орта білім беру деңгейінде Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары⁴ әзірленді.

Одан бөлек, құқықтық ортаны дамыту мақсатында жоғары оқу орындарында «Кәсіби психологиялық лига», «Ұлағат», «Әділет жолы» және «Жастар Рухы» сияқты қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық орнатылған.

Жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушылар құрамы арасында құқық қорғау органдары, әйелдер көшбасшылығы, кәсіпкерлік орталығы өкілдерінің және психологиялық денсаулық орталығы психологтарының қатысуымен *«Құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу»*, *«Жастардың құқықтық сауаттылығын және құқық қорғау органдарына деген сенім деңгейін арттыру»*, *«Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн»*

² ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысымен бекітілген

³ Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 29 қыркүйектегі №502 бұйрығымен бекітілген

⁴ Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы №377 бұйрығымен бекітілген

тақырыптарындағы түрлі іс-шаралар өткізіледі.

Жоғары оқу орындарында тұрақты негізде зорлық-зомбылықтың, алдын алу және харассментті болдырмау бойынша материалдар жарияланып отырады.

Ғылым және жоғары білім министрлігі (*бұдан әрі – Министрлік*) 2024 жылы жоғары оқу орындарында психолог-мамандарды тарта отырып, студенттер арасында «харассмент» мәселелері бойынша анонимді сауалнама жүргізуді жоспарлауда. Нәтижелері бойынша жоғары оқу орындары жанындағы әдеп жөніндегі комиссиялар, психологиялық қызметтер үшін ұсынымдар әзірленетін болады.

Сондай-ақ, гендерлік теңсіздік саласындағы проблемаларды ғылыми зерттеу мақсатында және ғылыми негізделген шешімдерді қабылдау үшін «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» ғылыми бағыты бойынша 2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру шеңберінде жалпы сомасы 57,2 млн. теңгені құрайтын 4 жоба іске асырылуда («Қазақстан Республикасының Білім беру саясатындағы гендерлік тәсілдерді имплементациялау», «Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы гендерлік білім берудің ғылыми тұжырымдамасы: теориялық-әдіснамалық негіздер», «Қазақстанның экономикалық-демографиялық дамуы: гендерлік аспект», «Исламдағы гендерлік теңдік: исламдық феминизм және дәстүршілдік»).

Оқу орындарының ғимараттарын бейнекамералармен толық қамтамасыз етуге және барлық жоғары оқу орындарының Жарғысына харассмент туралы нақты ережелерді енгізуге қатысты

Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның ішінде жоғары оқу орындарының оқу корпусы мен жатақханаларында турниктер, бейнекамералар мен дабыл түймелерінің, күзет бекеттерінің жұмыс істеуі бойынша жұмыс жүйелі негізде жүргізілуде.

Бүгінгі таңда 104 азаматтық жоғары оқу орны заманауи бейнебақылау жүйелерімен (*камералар, бейнетіркегіштер, аксессуарлар*) жабдықталған.

Жоғары оқу орындарының жарғыларында білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері, оның ішінде педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, олардың қадір-қасиеті мен ар-намысын құрметтеу жөніндегі құқықтары қарастырылған.

Оған қоса, жоғары оқу орындарында профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер арасындағы буллинг, құқық бұзушылықтардың профилактикасы жөніндегі ішкі құжаттары бекітіледі.

Мысалы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Харассментке төзбеушілік саясаты туралы ереже әзірленген.

Сонымен қатар, Министрлік жоғары оқу орындарына профилактикалық жұмысты күшейту және тиісті ережелерді әзірлеу бойынша ұсынымдар жолдады.

Аталған бағыттар бойынша жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

Т. Дүйсенова